

МРНТИ16.01.00

Ж.А.Исаева

«Өрлеу» БАҰО» АҚ филиалы Қызылорда облысы бойынша педагогикалық қызметкерлердің біліктілігін арттыру институтының аға оқытушысы, филология ғылымдарының кандидаты
Қызылорда қаласы, Қазақстан

ҰЛТ МҰРАТЫН ҰЛЫҚТАҒАН ҰСТАЗ

Аннотация: Профессор, ф.ғ.д. Ә.Жүнісбектің еңбектерінде әлем тілдері қауымдастығындағы қазақ тілінің өзіндік орны мен маңызын бағамдау мақсатында әлем тілдерінің туыстық жіктелім белгілеріне ғылыми-теориялық тұрғыдан талдау жасалды. Ахмет Байтұрсынұлы бастаған ұлы көшті жалғастырушы, қазақ ұлттық фонетикасы және қазақ просодологиясы ғылымының негізін қалаушы ғалым Ә.Жүнісбек өзіндік ғылыми-зерттеу мектебін қалыптастырды. Қазіргі қазақ тіл білімі ғылымының даму үрдісінің теориялық-әдіснамалық және оқу-практикалық талаптарына сай құрастырылған «Қазақ грамматикасы» басылымының «Фонетика. Фонология» бөлімдерін ғылыми-теориялық тұрғыдан негіздеді.

Мақалада жаны жайсаң, көңілі жаз, бала мінезді абыз ағамыз мерейлі сексен жасқа елді марқайтар жетістіктермен жетіп отырғаны туралы сөз болады. Қабырғалы қазақ жұртының ұлы ағартушы ғалымы, тіл білімінің атасы Ахмет Байтұрсынұлы бастаған ұлы көшті жалғастырушы, қазақ ұлттық фонетикасы және қазақ просодологиясы ғылымының негізін қалаушы ғалым Ә.Жүнісбек өзіндік ғылыми-зерттеу мектебін қалыптастырды.

Тірек сөздер: жаны жайсаң, бала мінезді, абыз, жетістік, жасалым, әуез, фонема, әуе

Ж.А. Исаева

Старший преподаватель Института повышения квалификации учителей Кызылординской области филиала АО «НЦПК «Өрлеу», канд. филол. н.
Кызылорда, Казахстан

УЧИТЕЛЬ ПОЧИТАЮЩИЙ ЗАВЕТНУЮ ЦЕЛЬ НАЦИИ

Аннотация. В трудах профессора, доктора филологических наук А. Жунусбека с целью оценки роли и значения казахского языка в мировом языковом сообществе был проведен научно-теоретический анализ особенностей родственной классификации мировых языков. Продолжая великую миссию под предводительством Ахмета Байтұрсынова, основоположник казахской национальной фонетики и казахской просодологии А.Жунусбек сформировал свою исследовательскую школу.

С научно-теоретической точки зрения обосновал разделы издания «Казахской грамматики» «Фонетика. Фонология», составленного в соответствии с теоретико-

методологическими и образовательно-практическими требованиями развития современного казахского языкознания. В статье речь пойдет о благородном, жизнерадостном, наивном и мудром профессоре, который отметит свой восьмидесяти-летний юбилей со значительными достижениями. Продолжая великую миссию великого просветителя казахского народа, основателя казахского языкознания Ахмета Байтұрсынова А.Жунусбек, основоположник казахской национальной фонетики и казахской просодологии, сформировал собственную научно-исследовательскую школу. Ключевые слова: добрый, наивный, мудрый, достижение, разработка, мелодия, фонема,

J.A. Isaeva

Senior lecturer at the Institute for Advanced Training of Teachers of the Kyzylorda Region of the branch of JSC «NCT «Orleu», candidate of philology, Kyzylorda, Kazakhstan

TEACHER RESPECTING THE PURPOSE OF THE NATION

Annotation. In the works of professor, doctor of philology A. Zhunisbek, in order to assess the role and significance of the Kazakh language in the world linguistic community, a scientific and theoretical analysis of the features of the classification of world languages was carried out. Continuing the great migration under the leadership of Akhmet Baitursynov, the founder of Kazakh national phonetics and Kazakh prosodology A. Zhunisbek formed his own research school. “Phonetics. Phonology from a scientific and theoretical point of view”.

The article refers to a professor who has reached eighty years of age. He is a kind, sympathetic, joyful person who motivated the people with his achievements. Professor Alimkhan Zhunisbek continued the path of A. Baitursynov, founded the Kazakh national phonetics and Kazakh prosodology, formed his own research school.

Keywords: kind, open, achievement, development, music, phoneme, music.

Тема: Учитель уважающий цель нации

Резюме: В статье говорится о профессоре, который достиг восьмидесяти лет. Он добрый, отзывчивый, радостный человек, который мотивировал народ своими достижениями. Профессор Алимхан Жунисбек продолжил путь А.Байтұрсынова основал Казахскую национальную фонетику и казахскую просодологию, сформировал собственную научно-исследовательскую школу.

Ключевые слова: добрый, открытый, достижение, разработка, музыкальная, фонема, музыка.

Subject: Teacher respecting the purpose of the nation

Abstract: The article says that a kind, sympathetic, joyful eighty-year-old uncle, who motivated the people with his achievements. Continued on the path of A. Baitursynov. scientist-the founder of Kazakh national phonetics and proctologia Zhunisbek formed its own research school.

Keywords: kind, open, achievement, development, music, phoneme, music.

Ұлт мұраты ... Осы бір ауыз сөзде қаншама терең мағына жатыр десеңізші?! Сағат сайын емес, сәт сайын құбылып, өзгеріп жатқан өзгермелі уақыт белесінде ұлтымызды ұйыстырып, елдігімізді бүтіндейтін, өз мүддесінен ұлт мұратын жоғары қоя білетін тау тұлғалы ұлт жанашырлары қай заманда да болған. Бар саналы ғұмырын елді оқу-ағарту, ғылым-білімін дәйектеу, ұлтымыздың өзіндік болмысын танытуға арнаған ұлы тұлғалар баршылық. Солардың бірі – бүгінде сексеннің сенгіріне шығып отырған, қазақ ұлттық фонетикасының негізін қалаушы және қазақ әліпбиі жаңа жобасының авторы, филология ғылымдарының докторы, профессор Әлімхан Жүнісбек.

Жаны жайсаң, көңілі жаз, бала мінезді абыз ағамыз мерейлі сексен жасқа елді марқайтар жетістіктермен жетіп отыр. Қабырғалы қазақ жұртының ұлы ағартушы ғалымы, тіл білімінің атасы Ахмет Байтұрсынұлы бастаған ұлы көшті жалғастырушы, қазақ ұлттық фонетикасы және қазақ просодологиясы ғылымының негізін қалаушы ғалым Ә.Жүнісбек өзіндік ғылыми-зерттеу мектебін қалыптастырды. Атап айтқанда, ғалымның қазақ тілінің дыбыстық құрамы мен жүйесі, оны оқыту әдістемесіне арналған ғылыми монографиялары, оқулықтары мен оқу құралдары, жазба мұрағаттардың фонетикалық талданымы, сөздіктер мен әдістемелік нұсқаулықтары жарық көрді. Қазіргі қазақ тіл білімі ғылымының даму үрдісінің теориялық-әдіснамалық және оқу-практикалық талаптарына сай құрастырылған «Қазақ грамматикасы» басылымының «Фонетика. Фонология» бөлімдерін ғылыми-теориялық тұрғыдан негіздеді.

Профессор, ф.ғ.д. Ә.Жүнісбектің еңбектерінде әлем тілдері қауымдастығындағы қазақ тілінің өзіндік орны мен маңызын бағамдау мақсатында әлем тілдерінің туыстық жіктелім белгілеріне ғылыми-теориялық тұрғыдан талдау жасалды. Соның нәтижесінде қазақ тілінің өзіндік заңдылықтарының басы ашылып, соған лайық ғылыми-теориялық және оқу-практикалық аппарат қалыптасты. Сөйтіп қазақ тілтанымна негіз болып келген үстем тілдер теориясынан арылу арқылы тілдің ақиқат дыбыстық құрамы мен жүйесін төл теория тұрғысынан анықтаудың мүмкіндігі туды. Автор ұсынған бағыттағы ең басты мақсат жалпы түркі тілтанымнадағы сөздік екпін теориясынан арылу идеясы болды. Өйткені, сөздік екпін теориясының үстемдігі түркі (қазақ) сөзінің үндесім табиғатын жоққа шығаруға әкеп соқтырды. Зерттеу еңбектерінде қазақ (түркі) фонетикасындағы жалпы фонетикалық құбылыстар дұрыс сипатталғанымен, ғылыми аппарат пен зерттеу әдісі нақтыланбағандықтан, түркі тілдеріне тән бірегей белгілер зерттеушілер назарына ілінбей келді. Төркіні бөлек теориялық пайымдаулардың нәтижесі туыстығы бөлек тілдердің ішкі заңдылықтарымен үйлесім таппады. Алынған нәтижелер төл құбылыстарды жаңсақ, біржақты түсіндіріп келді.

Қазақ қоғамының саяси және тарихи даму үдерістерінің талаптарына сәйкес зерттеу жұмыстарының теориялық және практикалық ұстанымдары өзгеріп отырды. Бірнеше тарихи дәуірлерді басынан өткерген қазақ фонетикасы ғылымына да миссионерлік саясаттың салқыны тимей қоймады. Ғылыми зерттеу әдісі ретінде европалық тілдер фонетикасының теориясы жаппай тарап, зерттеушілер батыс тілтанымнаын басшылыққа алды. Соның нәтижесінде қазақ тілінің дыбыстық

жүйесінің зерттеу әдісі ретінде «европа-өзімшіл» (европоцентризм) талданым әдісі кеңінен қолданылды. Зерттеушілер қазақ тілінің дыбыс құрамын үнді-европа тілдерінің фонема жүйесіне салып, қазақ фонетикасына *фонема ұғымын* ендіріп, атауын орнықтырды. Оның үстіне сөз просодикасы ретіндесөздік екпін енгізілді, ал қазақ тілінің іргелі заңдылығы болып табылатын *фонологиялық үндесім құбылысы (үндестік заңы)* көп фонетикалық құбылыстардың бірі ретінде қарастырылды. Қазақ тілі дыбыстарын фонема мәртебесінде қарастырудың нәтижесінде қазақтың төл сөздерінің жазылымына орыс тілінің *и, у, я, ё, ю, э, иц, ч, ф, ц* таңбалары сол қалпында енгізілді. Мұның өзі қазақ тілінің морфема, буын және тасымал жүйесінің бұзылуына алып келді. «Орыс сөздері қалай айтылса, солай айтып, қалай жазылса, солай жазу керек» деген тоталитарлық емле-ережелер жүйесібекітілді. Соның нәтижесінде қазақтың төл әліпби құрамына оннан аса кірме әріптер (дыбыстар) енгізіліп, қазақ әліпбиі екі тілдің қазақ-орыс (тіпті, орыс-қазақ) әліпбиі болып шықты. Кірме әріптердің жазылымын реттейтін отыздан аса жаңа ереже орынсыз қосылды. Екпін-фонемалық фонетика (акцентно-фонемная фонетика) зерттелімжүйесіне сәйкесқазақ тілінің дыбыс жүйесін түгелдей фонема мен сөздік екпінге телігендіктен, қазақ тілінің морфема, буын және тасымал желісіне, ең бастысы, қазақ сөзінің айтылым әуезіне нұқсан келтірді.

XX ғ.соңы мен XXI ғ. басындақазақ тілінің дыбыс құрамы мен оның жүйесіне деген жаңа көзқарас қалыптасып, жаңа нәтижелермен толықты. Ұлт зиялыларының еңбектеріндегі ұлттық тілтаным идеясын қолдаушы зерттеу жұмыстары жарық көрді және зерттеуші ғалымдар еңбектерінде қазақ тілінің фонетика ғылымы жаңа қырынан зерттеле бастады.

Қазақ фонетикасының түрлі бағыттары бойынша профессор Ә.Жүнісбектің мектебі қалыптасып, ғалымның шәкірттері қазақ тілі дыбыстарының үндесім және үйлесім фонетикасы, тарихи фонетика, салыстырма фонетика, әуен (интонация) фонетика, қолданба фонетика салалары бойынша ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізуде. Зерттеу жұмыстарының нәтижесіндеқазақ тілінің іргелі заңдылығы – үндесім (сингармонизм) құбылысы зерттеу амалының негізіне айналды. Соның нәтижесінде қазақ тіліндегі екпін мен фонемаға деген көзқарас өзгерді, үндесімнің *жуан/жіңішке әуезі* мен *еріндік/езулік әуезі* фонологиялық мәртебесі тең бірліктер ретінде қарастырылды. Қазақ тілі дыбыстарының әліпби құрамының сыртында олардың үндесім және үйлесім белгілерінің құрамы анықталды. *Жасалым (артикуляциялық) фонетика*зерттелімнің негізі ретінде көңіл бөлініп, қазақ тілі дыбыстарының артикуляциялық базасының моделі ұсынылды. Қазақ тіліндегі кірме әріптердің дыбыс құрамының басы ашылып, айтылымы (орфоэпиясы) тиянақталды. Қазақ фонологиясы үндесім құбылысы екендігі дәлелденіп,фонологиялық талдау жұмыстары үндесім (сингармонизм) заңына лайық жүргізілді. Қазақ фонологиясының ақиқат табиғаты зерделеніп,қазақ тілі дыбыстары үндесім заңы тұрғысынан өз алдына дербес талданды.Осындай кешенді талдаулар нәтижесінде қазақ тілінің дыбыс құрамы мен жүйесі жайлы жан-жақты және толық ғылыми түсінік пен ғылыми аппарат қалыптасты.

Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан – 2050» Стратегиясы – қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына арнаған Жолдауында және отандық бұқаралық ақпарат құралдарымен өткізген кездесуінде латын әліпбиіне

көшу туралы аталып өтті. Осыған орай, қазіргі таңда латын қарпіне көшудің бірнеше қажеттіліктері айқындалып, маңызды реформаға көшудің алғышарттары жасалуда. Дегенмен, болашақ ел тағдырымен, тарихымен өзектесіп жатқан міндетті жүзеге асыруда «кемшілік пен қателікке ұрынбаудың жолы қандай?» деген сауал әрқайсысымызға ой салады. Әзірге бұл сауалдарға берілетін жауаптың ғылыми негізі қалыптаса қойған жоқ. Демек, латын қарпіне көшуге байланысты ғылыми тұрқырылдама әзірленбей, әліпбиге көшуге байланысты шаралардың нәтижелі бола қоюы қиын. Латын қарпіне көшуді негізгі үш бағытта – мемлекеттік, ұлттық және мәдени саясаттың деңгейінде жүргізу қажет. Бұл үш бағыт латын әліпбиіне көшудің негізі бола отырып, оның мәселелерін кеңінен қамтуға мүмкіндік береді.

Латын қарпіне көшудің ғылыми-әдістемелік негізін ұсынушы А.Байтұрсынұв атындағы Тіл білімі институтының ғалымдарының алғашқы сапында профессор Ә.Жүнісбектің орны ерекше деп есептейміз. Өз ұлттымыз бен латын қарпіне көшкен көрші елдердің тәжірибесін мұқият зерттеу және зерделеу арқылы ғана сауатты әрі тиімді жазу жүйесіне көше алмақпыз. Профессор Ә.Жүнісбек – осындай қыруар зерттеу нәтижелеріне сүйене отырып, үндесім құбылысына негізделген қазақ тілінің ұлттық әліпбиін ұсынған авторлардың бірегейі.

Профессор Ә.Жүнісбек зерттеу еңбектерінде: «Қазақ тілінің төл дыбыстарының құрамы 26(28) дыбыстан құралады: а, ә, б, ғ(-г), д, е, ж, з, й, қ(-к), л, м, н, ң, о, ө, п, р, с, т, у(w), ұ, ү, ш, ы, і. Осы дыбыстардың сыртында қазақ тілінің дыбыстарын іздеп әуре болмау керек, өзге дыбыс жоқ. Осы жердегі бәрімізді шағастырып жүрген у таңбасының дыбыс мәні, тілімізде өте жиі кездесетін, «ерін-еріндік, жуысыңқы, үнді [w] дауыссыз дыбысы» болып табылады: ау[aw], ая [awa], әу [äw], әуе [äwe], су [suw], суы [suwu], у [uw], уық [uwuq], үіл [üwül], күлу [külüw], аю [ayuw], үю [üyüw] т.с.с. Мұндай дауыссыз дыбыс орыс тілінде жоқ, ал ағылшын тілінде бар, көріп отырсыздар, қазақ тілінде де бар», – деп дәйектей келіп: «Егер қазақ тілінің қамын шын ойласақ, ондай әліпби бөгде тілдің дыбыс-таңбасынан арылған таза, қоспасыз болу керек. Ал өзге орыс тілінен енген кірме дыбыстар мен таңбалар жайын, басқа амалдың жоқтығынан, өз алдына шешу керек деп, екінші кезектегі мәселе» ретінде ескертіп отырады және оның үлгісін алыстан іздемей-ақ, орыстардың өздері көрсетіп отырғанын да еске салып қояды.

Сонда бүгінгі қазақ әліпбиі дербес-дербес екі бөліктен тұрады. Төл әліпби өз таңба құрамы және емле-ережесімен, ал кірме сөздердің жазылуы өз таңба құрамы және емле-ережесімен тізбектеледі. Өйткені олардың үйлесім тауып, бір шаңырақтың астында басы бірігуі ғылыми тұрғыдан да, қолданба (практикалық) тұрғыдан да мүмкін емес. Кестеде тек ұлттық әліпби тізімі тұрады, кестенің сыртында кірме дыбыстардың жазылым емле-ережесі мен үлгісі беріледі. Бұл – амал жоқтан болып жатқан іс.

Қазақтың төл сөздерінің жазылымына қатысты орнықты әліпби мен емле-ережеміз өткен ғасырдың ортасына дейін болды. Сол кезде қазақ сөзінің *айтылым әуезі, морфем құрамы, буын үлгісі* мен *тасымал ретіне* еш нұқсан келіп көрген емес болатын. Қиындық сол ғасырдың елуінші жылдарының ортасында қазақтың төл сөздерінің құрамында *и, у, я, ю, иц* таңбаларын жазу керек деген «зорлықтан» басталды. Жасыратыны жоқ, кірме таңбалардың орынсыз екенін айтып шырылдаған жанашыр топты алпауыт орыс тілінің «игі ықпалын» қолдаған саясатшыл топ жеңіп

шықты. Қазақ сөзінің үндесім айтылымы бейәуезденіп, морфем құрамы сөтінеп, буын құрылымы жарықшақтанып, тасымал реті бұзылып сала берді. Қазақ жазуындағы кірме таңбаларға қатысты жансақтықтардың бәрін термелеп жатудың бұл жерде реті жоқ. Сондықтан оқулықтарда дауыстылардың қатарында жүрген **и**, **у** таңбаларына қатысты басы артық қаншама емле-ереже жазуымызға еріксіз қосымша таңылды (**я, ю, щ, х, һ** таңбаларының жайы осыған ұқсас). Айталық, **и**, **у** әріптерінің орфограммаларына қатысты қисынсыз емлелерді талдай келе ғалым:

«Морфемдікталданым тұрғысынан:

-**оқы** етістігінің көсемше түрі **оқи** болса, сонда көсемшенің көрсеткіші дауысты **и** дыбысы болғаны ма? Онда көсемшенің бір «көрсеткіші **дауыссыз й**» деген ереже қайда қалады?

-**оқы** етістігінің тұйық рай түрі **оқу** болса, сонда тұйық райдың көрсеткіші дауысты **у** дыбысы болғаны ма? Онда тұйық райдың «көрсеткіші **дауыссыз у**» деген ереже қайда қалады? Ең сорақысы, осы жердегі «дауысты **ы** дауысты **у**-мен алмасады» деп түсіндіретін ереженің барын қайтерсің! Ал **оқы** етістігі дауысты **ұ**-ға (жарайды, тіптен көз елес **ы** дауыстысы бола қойсын) аяқталып тұрғаны, оған келіп дауыссыз **у** тіркесіп, тұйық рай **оқуу** жасалатыны қаперімізге кірмей-ақ қойды. Қазақтың **ұу** дыбыс тіркесінің естілімі орыстың **у** дауыстысының, қазақтың **ый(-ий)** дыбыс тіркесінің естілімі орыстың **ы(-и)** дауыстысының естілімімен жалған ұқсас екеніне сеніп қалғанбыз.

Буындық талданым тұрғысынан:

-**миы** сөзінің буын құрамы **ми-ы** болып, алғашқы буын дауысты **идыбысына** аяқталып, келесі буын дауысты **ы** дыбысынан басталып тұр ма? Онда қазақ сөзінің ішінде «**буын дауысты дыбыстан басталмайды**» деген ережені қайда қоямыз? Оның үстіне сөз соңында «дауысты буын тұрған деген не?» деп, аң-таң боламыз.

-**суы** сөзінің буын құрамы **су-ы** болып, алғашқы буын дауысты **удыбысына** аяқталып, келесі буын дауысты **ы** дыбысынан басталып тұр ма? Ендеше қазақ сөзінің ішінде «**буын дауысты дыбыстан басталмайды**» деген ережені тағы еске сала кетеміз. Оның үстіне «сөз соңында дауысты буын неге тұр?» деп, тағы аң-таң боламыз.

Тасымалдық талданым тұрғысынан:

-**жиын** сөзі **жи-ын** болып тасымалданып, тасымал жігі екі дауыстының арасынан өтіп тұрады ма? Онда «**қазақ сөзінің ішінде екі дауысты қатар тұрмайды**» деген ережені қайда қоямыз? Оның үстіне «сөз соңында тұйық буын тұрған деген не?» деп, әрі-сәрі боламыз.

-**суық** сөзі **су-ық** болып тасымалданып, тасымал жігі екі дауыстының арасынан өтіп тұрады ма? Ендеше «**қазақ сөзінің ішінде екі дауысты қатар тұрмайды**» деген ережені тағы қайталаймыз. Оның үстіне «сөз соңында тұйық буын неге тұр?» деп, әрі-сәрінің үстіне дел-сал боламыз», – деп жазу емлемізіндегі кейбір келенсіздіктерді нақты әрі жан-жақты дәйектейді. Байқағанымыздай, бұл бүгінгі қазақ жазуының күмәнды тұстары көп екендігін танытады.

Ғалым қазақ сөзінің құрамындағы кірме **и, у, я, ю, щ, һ, х** таңбаларының дыбыстық мәні жайлы фонетика-фонологиялық тұрғыдан талдай келіп, дыбыс құрамын былайша атап көрсетеді:

и - [ый, ий], у - [ұу, үу],

я - [йа, йә], ю - [йүу, йүү],

щ - [шш], h - [қ],

х - [қ]

Кірме әріптердің дыбыс құрамына қарағанда олар екі-үш дербес дыбыстардың тіркесімін (кейде дербес дыбыстың өзін) белгілейтін *таңбалар* болып табылады. Айталық, **и** мен **у** таңбаларынағана қатысты былайша талдап көрсетеді:

«**Морфем дәлел.** Тіркесімінің екінші сыңарының морфологиялық қызметіне өзге морфем бірліктерімен салыстырып барып аңғаруға болады:

оқы - л [оqu - l]

оқы - п [оqu - p]

оқы - с [оqu - s]

оқы - й [оqu - y]

оқы - у [оqu - w]

Осында **оқыл** дегендегі дауыссыз л[l] - ырықсыз етіс көрсеткіші,

оқып дегендегі дауыссыз п[p] – көсемше көрсеткіші,

оқыс дегендегі дауыссыз с[s] – ортақ етіс көрсеткіші

ретіндегі морфологиялық қызмет **оқи** [оquy] дегендегі дауыссыз й[y] – көсемше көрсеткішіне, **оқу** [оquw] дегендегі дауыссыз у[w] – тұйық рай көрсеткішіне де тән екенін көреміз. *Тілдік (морфологиялық) қызмет* осындағы [l], [p], [s], [y], [w] дауыссыздарына бірыңғай тән. Ендеше **и**, **у** таңбаларында уысты деп шатаспауымыз керек», – деп ескертеді.

Буын дәлел. Тіркесімінің екінші сыңары, қазақ тілінің өзге дауыссыз дыбыстары тәрізді, буынның құрамды бөлігі болып табылады:

қыр–қы+р [qı-r] тіс - ті+с [ti-s] ұл - ұ+л [u-l]

қи – қы+й [qı-y] ти - ті+й [ti-y] у - ұ+у [u-w]

Осындағы [r], [s], [l], [y], [w] дауыссыздары буынның соңғы сыңары ретінде бірдей жұмсалып отыр.

Тасымал дәлел. Тіркесімнің екінші сыңары қазақ тілінің өзге дауыссыз дыбыстары тәрізді тасымал жігін көрсетеді:

тыным - ты-ным шіре - ші-ре

тиым - ты-йым шие - ші-йе

құсы - құ-сы елігі - е-лі-гі

қуы - құ-уы елуі - е-лі-уі

Осындағы [n], [r], [y], [s], [g], [w] дыбыстары *дауыссыз* болғандықтан, сөз ішіндегі буынның бас шебінде тұр. Сөйтіп сөз соңындағы бейтәртіп дауысты буын мен тұйық буыннан құтыламыз. Олай болса, дауысты **и**, **у**, **я** (**ю**) деп жүргенімізекі (үш) дыбыстың тіркесімін белгілейтін таңба (!) екен. Жазу реформасының реті бірнеше сатыдан тұру керек. Соның ең бастысы – алдымен, кешіріңіздер, «сауат ашып» алу. Сөз жоқ, **ми** [mi] емес, **мый** [my] екенін, **су** [su] емес, **сұу** [suw] екенін, **ашы** емес **ашшы** т.с.с. екенін көбіміз біле бермейміз (ұмытып қалдық немесе ұмыттырып жіберді). Бұлар – ең қрапайым мысалдар. Мұндай мысалдардың тілімізде ұшы-қиыры жоқ. «Сауатсыз» болып қалғанымызға да біз кінәлі емеспіз, бізді солай сауатсыз етті. Немесе қазақтың еркін кең тыныспен айтылатын сәнді **ашшы**, **тұшшы**, **кешше** сөздеріндегі қос дыбыстың орнына төркіні бөлек тұншығынқы **щ** дыбысын қойып айта алатын қазақ табылар ма екен?! Бар болғаны үш сөздің ерсі жазылымына бола басы артық емле-

ереже алып, бас қатырып отырғанымызды қозғамай-ақ қойдық. Ендеше, алдымен сабыр сақтап, сауат ашып алуымыз керек. Сонан соң барып жазу реформасын, оның ішінде әліпби ауыстыру да бар, бастау керек», – деп, жазу реформасын жүйелі әрі сауатты жүргізу керек екендігіне ерекше тоқталады.

Профессор Ә.Жүнісбек қолданыстағы әліпбиге қатысты осындай олқылықтарға назар аударар келіп, өзіндік әліпби нұсқасын ұсынады:

кирилше	латынша	аталуы	кирилше	латынша	аталуы
А а	A a	а	Ң ң	Ñ ñ//Ñ ñ	ың
Ә ә	Ə ə//Ă ă	ә	О о	O o	о
Б б	B b	бы	Ө ө	Ö ö	ө
Ғ ғ(-Г г)	Ĝ ĝ(-G g)	ғы(-гі)	П п	P p	пы
Д д	D d	ды	Р р	R r	ыр
Е е	E e	е	С с	S s	сы
Ж ж	J j	жы	Т т	T t	ты
З з	Z z	зы	У у	W w	ұу
Й й	Y y	ый	Ұ ұ	U u	ұ
Қ қ(-К к)	Q q(-K k)	қы(-кі)	Ү ү	Ü ü	ү
Л л	L l	ыл	Ш ш	Ş ş//Š š	шы
М м	M m	мы	Ы ы	I i	ы
Н н	N n	ны	І і	i i	і

Төменде ғалымның әліпби төңірегіндегі зерделі ой-тұжырымын тұтас беруді жөн көрдік:

«Бұл жерде жақында Түркі кеңесі қабылдаған ортақ әліпби үлгісіне байланысты **Ă ă** таңбасын **Ə ə** деп, **Ñ ñ** таңбасын **Ñ ñ** деп, **Š š** таңбасын **Ş ş** деп алуға тура келді. Қанша дегенмен түркі бірлігіне, алшақтай бермей, мойын ұсынумыз керек қой. Әліпби «Жоба» деп аталады, ендеше ол біткен жұмыс болып саналмайды. «Жоба» деген түзетілуі мүмкін, жетілдірілуі мүмкін, тіптен, қабылданбай да қалады. Сондықтан «Жобаға» тек ұсыныс деп қана қарау керек. **«Жоба» қазақ сөзінің үндесім әуезін, морфем құрамын, буын тұрқын, тасымал жігін бұзып жазуға еш мүмкіндік бермейді. «Жоба» мазмұнынан ешқандай тіл бұзар жаңсақ емле-ереже туындамайды.**«Жобаға» ақыл қосатын тұстары да жоқ емес. Мүмкін қос нүкте мен қанатшаның орнына бір ғана көлденең сызықша жүргізе салған әдістемелік тұрғыдан (қол жаптығу) ұтымды болар ма еді. Емле-ереже құрастыру үстінде де ақылдасып шешетін жайттар бар. Әлемдік жазудың тәжірибесіне қарасақ, ешбір мемлекет, ешбір халық кірме дыбыс үшін арнайы таңба ойлап таппайды немесе сол кірме дыбыстың төркін таңбасын алмайды. Таңбаны сол өзінің төл әліпбиінің ішінен құрастырады. Кірме дыбысқа сол дыбыстың төркін таңбасын қоса алу деген бұрынғы Кеңес түркі республикаларында (оның қақ төрінде өзіміз бармыз) ғана болды. Мысалы, орыс тілінен **ц, ч** т.б. дыбыстарын қабылдап, **ц, ч** т.б.

таңбаларын қоса алып отырдық. Қазіргі европалық елдер де орыс сөздерін жазып-сызуға мәжбүр болып отыр, бірақ олар **ц** дыбысын **tc** деп, **ч** дыбысын **ch** деп латын әліпби үлгісімен жазу амалын тауып отыр. Бұл амал теория-практикалық тұрғыдан әбден сыннан өткен. Орыстардың өзі жатсынбай қабылдап отыр. Кірме дыбыстардың жазылымы өз алдына шешілу керек дей беретініміз сондықтан. Орыс айтылымындағы халықаралық сөздердің жазылымын алға тартып, айбат шегіп отырған ағайындарымыздың тынышталуына болады. Жазу реформасын тәуекел деп бастау ғана қалды. Өйткені реформаның оңайы болмайды: саяси реформа, әкімшілік реформа, қаражат реформасы т.б. Алайда, бұл реформалар жоғары билікте орындалады да, төменгі көпшілік оның дайын нәтижесін ғана алады. Сөйтіп бұқара көпшілік реформа ауырлығын сезбейді. Ал жазу реформасының қиыншылығын сауат ашуды бастаған баладан бастап, демалыстағы зейнеткерге дейін әрқайсысы өз жеке басынан өткереді. Жазу реформасының өзге реформаларда ерекшелігі де, міне, осында. Сондықтан да жазу реформасына тәуекел деп кірісудің алдында сабырлы сақтық керек болады.

Жазу реформасының (тек әліпби ауыстыру емес) мерзімі алдын-ала дайындыққа байланысты болады: мақсаты мен мазмұны айқын болу керек. Мақсаты – қазақ әліпбиін ұлттық үлгіге түсіру, мазмұны – қазақ сөзінің айтылым-жазылым үйлесімін орнықтыру».

Ұлттық және мәдени саясатты нақтылайтын, қоғамдық қажеттілік пен ұлттық мүддені үйлестіретін мемлекеттік деңгейдегі латын қарпіне көшу ісінде ғана емес, қазақ тілінің ұлттық болмысын шынайы қалпында сақтап қалуға атсалысып жүрген, ғылым және білім беру ісінің майталманы, қазақ тіл білімінде ғана емес, бүтін түркі әлемі тілтанымында өзіндік орны бар профессор, ф.ғ.д. Әлімхан Жүнісбек ағамызды мерейлі жасымен құттықтап, мықты денсаулық, шығармашылық табыс тілейміз. Жасай беріңіз, алаштың абзал азаматы!

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

[1] Байтұрсынов А. Қазақ тіл білімінің мәселелері. – Алматы: «Абзал-ай» баспасы, 2013. – 640 б.

[2] Садуақас Н.А. Профессор Қ.Жұбановтың фонетика-фонологиялық зерттеулері. Монография. – Алматы: Эверо, 2018. - 216 б.

[3] Жүнісбек Ә. Қазақ тілінің дыбыстары. Дыбыстардың үндесуі // Қазақ грамматикасы. – Астана, 2002